

Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 15 қазандағы N 702 және 2002 жылғы 2 сәуірдегі N 839 жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 30 қарашадағы N 1679 Жарлығы
ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің мынадай жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) **Ескерту. 1-тармағы 1) тармақшасының күші жойылды - ҚР Президентінің 2008 жылғы 21 қарашадағы N 696 Жарлығымен;**

2) "Қазақстан Республикасы Президентінің жанынан Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және мемлекеттік қызметшілердің қызмет этикасын сақтауы мәселелері жөніндегі комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 2 сәуірдегі N 839 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2002 ж., N 10, 92-кұжат; N 32, 339-кұжат; 2003 ж., N 9, 92-кұжат; N 14, 171-кұжат; N 51, 671-кұжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанынан Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және мемлекеттік қызметшілердің қызмет этикасын сақтауы мәселелері жөніндегі комиссия құру туралы ереженің 16-тармағында "Мемлекеттік-құқық басқармасы" деген сөздер "Құқық қорғау және сот жүйелері мәселелері бөлімі" деген сөздермен алмастырылсын;

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанынан Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және мемлекеттік қызметшілердің қызмет этикасын сақтауы мәселелері жөніндегі комиссияның құрамына:

Имашев Берік Мәжитұлы - Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі
Басшысының орынбасары, төрағаның орынбасары,

Балиева Зағипа Яхияқызы - Қазақстан Республикасы Әділет министрі,
Ақылбеков Серік Секербайұлы - Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің
Құқық қорғау және сот жүйелері мәселелері бөлімінің сектор меңгерушісі, хатшы
болып енгізілсін;

мына жолдар:

"Мұхаметжанов - Қазақстан Республикасы Президенті
Бауыржан Әлімұлы - Әкімшілігі Басшысының орынбасары -
Мемлекеттік-құқық басқармасының
бастығы, төрағаның орынбасары",

"Тұрысбеков - Қазақстан Республикасының
Зауытбек Қауысбекұлы - Ішкі істер министрі"

тіісінше мынадай редакцияда жазылсын:

"Мұхаметжанов - Қазақстан Республикасы Ішкі істер
Бауыржан Әлімұлы министрі",
"Тұрысбеков - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік
Зауытбек Қауысбекұлы қызмет істері агенттігінің төрағасы";
аталған Комиссияның құрамынан Ғ.Р.Әбдірахымов, О.И.Жұмабеков, В.Д.Федотов,
О.Ч.Червинский шығарылсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК